



2000 жылға арналған Бірыңғай бюджеттік сыныптамаға N 3 толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Бұйрық Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 2000 жылғы 6 наурыз N 98. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Нормативтік құқықтық актілерді тіркеу басқармасы 2000 жылғы 17 наурыз өзгертулер мен толықтырулар енгізіліп тіркелді. Тіркеу N 1082. Күші жойылды - ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2005 жылғы 2 маусымдағы N 75 Бұйрығымен

-----Бұйрықтан үзінді-----

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 27 бабына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 24 желтоқсандағы N 1362 "Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасын бекіту туралы" қаулысының қабылдануына с ә й к е с *Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :*

- 1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Бірыңғай бюджеттік сыныптамасын бекіту бойынша бұйрықтардың күші жойылды деп танылсын.*
- 2. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қатынастарға әрекет етеді.*

Министр
Қ а з а қ с т а н *Р е с п у б л и к а с ы*
Э к о н о м и к а *ж ә н е* *б ю д ж е т т і к*
ж о с п а р л а у *М и н и с т р л і г і н і ң*
2 0 0 5 *ж ы л ғ ы* *2* *м а у с ы м д а ғ ы*
N 75 бұйрығына қосымша
Б і р ы ң ғ а й *б ю д ж е т т і к* *с ы н ы п т а м а с ы н*
б е к і т у *б о й ы н ш а* *б ұ й р ы қ* *т і з б е с і*

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2000 жылғы 6 наурыздағы N 98 (тіркелген N 1082) "2000 жылға арналған Бірыңғай бюджеттік сыныптамаға N 3 өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" бұйрығы...

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 20 шілдедегі N 1018 " Қазақстан Республикасының жоғарғы оқу орындарында кадрларды даярлаудың мемлекеттік білім беру несиесі туралы", 1999 жылғы 3 қарашадағы N 1644 " Қазақстан Республикасындағы төлем жасамау дағдарысының проблемаларын

шешу жөніндегі шаралар туралы" және 2000 жылғы 10 ақпандағы N 202 "1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 55 жылдығын мерекелеудің бағдарламасы туралы" қаулыларына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. "2000 жылға арналған Бірыңғай бюджеттік сыныптаманы бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 1999 жылғы 30 желтоқсандағы N 715 V991058_ бұйрығына мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасында:

бюджет кірістерінің сыныптамасында:

"501503 Үкіметаралық келісімдер бойынша берілетін мемлекеттік несиелер үшін шаруашылық жүргізуші субъектілерден қаражатты қайтарып алу" деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"501504 Мемлекеттік білім беру несиелері бойынша өтеу";

бюджет шығыстарының функционалдық сыныптамасында:

"1.2.260.28 Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің белгіленген тәртіппен тіркелген шарттық міндеттемелері бойынша кредиторлық берешекті өтеу" деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"1.2.260.30 Қолма-қол емес және клирингтік есептемелер жүйесін дамыту";

"8.1.263.49 Түркістан қаласының 1500 жылдығына мерейтой шараларын өткізу" деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"8.1.263.51 Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 55 жылдығын мерекелеуді өткізу" ;

шығыстардың экономикалық сыныптамасында:

"1.1.150.152 Ғимараттарды және құрылыстарды ұстау және ағымдағы жөндеу

3.5.510.512 Мемлекеттік кәсіпорындарды несиелендіру

3.5.510.513 Қаржы мекемелеріне несиелендіру

3.5.540.541 Мемлекеттік емес мекемелердің акцияларын сатып алу

3.5.540.542 Қаржы мекемелерінің акцияларын сатып алу" деген жолдар

мынадай редакцияда жазылсын:

"1.1.150.152 Ғимараттарды және құрылыстарды ағымдағы жөндеу

3.5.510.512 Мемлекеттік кәсіпорындарды несиелендіру

3.5.510.513 Қаржылық ұйымдарды несиелендіру

3.5.540.541 Қаржылық емес ұйымдардың акцияларын сатып алу

3.5.540.542 Қаржылық ұйымдардың акцияларын сатып алу";

"3.5.540.549 Өзге мекемелердің акцияларын сатып алу" деген жол алынып тасталсын .

2. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

М и н и с т р д і ң

міндетін атқарушы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК